



Бекітемін

Ю.А.Гагарин атындағы  
мектеп-лицейінің директоры

Г.А.Тусупова

2022 ж.

## Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейінің Парламент мүшелері

2022-2023 оқу жылы

№	Іс-шаралар атауы	Форма түрі	Уақыты	Жауаптылар
1	Мектеп президентінің сайлауға дайындық жұмыстары. Сайлау комиссиясын бекіту	Хабарландыру, түсіндіру жұмыстары, дауыс беру орнын дайындау	9.09-12.09	ДТЖО, тәлімгер
2	Үміткерлердің онлайн-презентациясы және бағдарламаның баспа түрінде ұсынылуы	Бейнеролик онлайн, плакат	15.09.2022	ДТЖО, тәлімгер, комиссия мүшелері
3	Мектеп президентін сайлау	Офлайн және онлайн	19.09.2022	ДТЖО, тәлімгер, комиссия мүшелері
4	Мектеп Президентін сайлауының қорытындысы. Парламент мүшелерін сайлау	Комиссия отырысы	20.09.2022	ДТЖО, тәлімгер, комиссия мүшелері
5	Парламенттің жиналысы	Жиналыс	Айына 1 рет	ДТЖО, парламент мүшелері
6	Қарттар күні	Стенд безендіру	28.09.2022	Парламент мүшелері
7	Өзін-өзі басқару күні	Сабақтар жүргізу	30.09.2022	ДТЖО, Парламент мүшелері
8	Күзгі мереке	Мектептің фойесін безендіру	Қазан	Парламент мүшелері
9	«Күн сайын жақсылық жаса»	Акция	Қазан	Парламент мүшелері
10	25 қазан – Республика күніне орай «Егемендік елдігім»	Видео челлендж	Қазан	Парламент мүшелері
11	«Менің туған жерім»	Өлкетану фотокөрмесі	Қараша	Билалова Ж.Б



12	«Табиғатты қоғау – әр адамның міндеті»	Эссе жазу	Желтоқсан	Экология және еңбек фракциясының жетекшісі Картай Нұржан Парламен жетекшісі Жәкен Н.
13	«Жарқыра, жасыл шырша!»	Шыршаны безендіру	Желтоқсан	Мектеп президенті 11 сыныптар
14	«Мамандық таңдауды қазірден баста!»	Тренинг	Қаңтар	Бақыт фракциясының (психология) жетекшісі Айтуған Балауса Парламен жетекшісі Жәкен Н.
15	«Табиғат тамашалары»	Сурет байқауы	Қаңтар	Мәдениет және өнер фракциясының жетекшісі Советова Ажаргүл Парламен жетекшісі Жәкен Н.
16	«Табысты толағай»	Спорттық ойын	Ақпан	Спорт және салауатты өмір салты фракциясының жетекшісі Зейнедилов Азат. Парламен жетекшісі Жәкен Н.
18	Алғыс айту күні	«Алғыс айту» жәшігі	Ақпан	Бақыт фракциясының (психология) жетекшісі Айтуған Балауса Парламен жетекшісі Жәкен Н.
19	«Анама тосын сый», «Менің анам ең жақсы адам!», «Әдемі, көрікті, сүйікті...»	Ән айту сайысы	Наурыз	Мәдениет және өнер фракциясының жетекшісі Советова Ажаргүл Парламен жетекшісі Жәкен Н.
20	«Ұлы Даланың жеті қыры»	Бейне экскурсия	Наурыз	Дебат қозғалысының жетекшісі Қанат Мадина Парламен жетекшісі Жәкен Н.



21	Көктемгі үстел ойындары фестивалі	Шахмат, тоғызқұмалақ т.б	Сәуір	Спорт және салауатты өмір салты фракциясының жетекшісі Зейнедилов Азат. Парламен жетекшісі Жәкен Н.
22	Ғылым күні	Ғылыми конференция	Сәуір	Парламент мүшелері Парламен жетекшісі Жәкен Н.
23	«Ең жақсы мамандықтар»	Бейнеропортаж	Сәуір	Бақыт фракциясының (психология) жетекшісі Айтуған Балауса Парламен жетекшісі Жәкен Н.
24	«Жол ережесін сақтаймыз»	Рейд	Мамыр	Экология және еңбек фракциясының жетекшісі Картай Нұржан Парламен жетекшісі Жәкен Н.
25	«Мәңгілік жүрегімізде» (Жеңіс күніне орай)	Стенд безендіру	Мамыр	Мектеп президенті Парламент мүшелері Парламен жетекшісі Жәкен Н.
26	Жылдың жұмысының қорытындысы	Парламент мүшелерінің жиналысы	Мамыр	Мектеп президенті Парламент мүшелері Парламен жетекшісі Жәкен Н.

Директордың тәрбие ісі  
жөніндегі орынбасары

Нурхайдарова Г.А

Мектеп парламентінің жетекшісі

Жәкен Н.



**Ю.А.Гагарин атындағы мектеп-лицейі**  
**Парламент мүшелерінің атқарған жұмыстарына сараптама**  
**2022-2023 оқу жылы**

**Парламент мақсаты:**

Балалар мен жастардың табысты әлеуметтенуі және өзін-өзі тиімді жүзеге асыруы үшін жағдай жасау, сондай-ақ туындайтын мәселелерді білім алушылардың өз бетінше шешуі үшін мүмкіндіктер жасау.

**Парламент міндеттері:**

- 1) білім алушылардың шығармашылық белсенділігін және өз бетінше әрекет етуін іске асыру;
- 2) білім алушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға, оның ішінде білім беру, әлеуметтік-тұрмыстық және олардың мүдделерін қозғайтын өзге де мәселелерді шешуге көмек көрсету болып табылады;
- 3) білім беру ұйымының басшылығына білім беру және ғылыми міндеттерді шешуде, білім алушылардың бос уақыты мен тұрмысын ұйымдастыруда, салауатты өмір салтын насихаттауда көмек көрсету;
- 4) білім беру ұйымдарына білім беру және тәрбие процесі шеңберінде өткізілетін іс-шараларға көмек көрсету;
- 5) білім беру ұйымының рухы мен дәстүрлеріне патриоттық қатынас жасауға, білім алушылардың санасын және олардың өз білім деңгейіне талап етуін арттыруға, мүлікке ұқыпты қарауға тәрбиелеуге бағытталған жұмыстар жүргізу;
- 6) білім алушыларды білім беру ұйымының қызметі туралы хабардар ету;
- 7) қазақстандық қоғамды дамытудың нақты күші және стратегиялық ресурсы ретінде балалар мен жастар туралы қоғамдық пікір қалыптастыруға қатысу;
- 8) балалар мен жастардың қоғамдық маңызы бар бастамаларын іске асыруға көмек көрсету болып табылады.



19 қыркүйек мектебімізде кезекті мектепішілік президент сайлауы ұйымдастырылды. Президенттікке үміткерлерге арнайы хабарландыру алдын-ала жасалып, сайлауды үгіт-насихат жүргізілді. Дауыс беру онлайн және офлайн форматта болып өтті. Дауыс беруге оқушылар мен мұғалімдері белсене атсалысып, өз қолдауларын көрсетті.

**Мектепішілік Президент сайлауына үміткерлер:**

- 1 Картай Нұржан
- 2 Белгітай Айгерім
- 3 Мырзабаева Сәуле
- 4 Самат Рамазан

<https://www.instagram.com/p/CitwlBZDCmf/?igshid=NTc4MTIwNjQ2YQ==>



25-қазан Республика күніне орай мектептің өзін-өзі басқару ұйымының ұйымдастыруымен "Мектептің өзін-өзі басқару механизмі" тақырыбында дөңгелек үстел болып өтті. Мақсаты: мектеп праламентінің әрбір фракциясының жұмыстарын жоспарлау, іске асыру, ұйымдастыру. Өткізген: Ержан М.

[https://www.instagram.com/p/Cj7t-IgMGyW/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link](https://www.instagram.com/p/Cj7t-IgMGyW/?utm_source=ig_web_copy_link)

[IgMGyW/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link](https://www.instagram.com/p/Cj7t-IgMGyW/?utm_source=ig_web_copy_link)



Қазақтың ақыны, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай ЖӨРМЕНКЕ ұйымдастырылды. Мақсаты: Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығын дәріптеу. Ақын өмірін оқушыларға үлгі ете отырып, өз елін сүйге, оның көркеюіне үлес қосуға тәрбиелеу. Оқушылардың танымдық деңгейін дамыту. Жауапты мұғалімдер: қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Шопанова

Ж.О., Жәкен Н. Мектеп президенті Мырзабаева Сәуле.

[https://www.instagram.com/p/CiMio0XsS80/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link](https://www.instagram.com/p/CiMio0XsS80/?utm_source=ig_web_copy_link)



9-10 сыныптар арасында "Алтын күз-2022" атты күзгі кеш өтті. Мақсаты: еңбекке баулу әрекеті арқылы эстетикалық тәрбие беру; еңбексүйгіштік, ынтымақтастық және жауапкершілік қасиеттерін дамыту. Күзгі кеш 3 кезеңнен тұрды: 1 кезең Таныстыру. Бұл бөлімде қатысушы сыныптар "Біздің сынып" таныстырылымын видео, ән, өлең жолдары, шағын көрініс арқылы да таныстыруларына болды. 2 кезең "Арайлы алтын күз" өнер байқауы. Ән, күй, би т.б жанрда өнер көрсетті. 3 кезең "Күз сыйы" деп

аталған күзгі дақылдардан қолөнер бұйымдарын жасады. Күзгі кештің қорытындысы бойынша: I орын- 10 "А" сыныбы, II орын- 9"А" және 9 "Д" сыныптары, III орын- 9"Г" сыныбы иеленді. Жауаптылар: Тасырбаева Д. Д., Бексұлтан Э.Б., Мектеп парламенті-Мәдениет фракциясы, Ержан М.

[https://www.instagram.com/p/CkfdJTlrsXM/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==](https://www.instagram.com/p/CkfdJTlrsXM/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA==)



Мектеп парламентінің "Экология және еңбек" фракциясы бойынша және "Жас Ұлан" балалар мен жасөспірімдер ұйымының жұмыс жоспары бойынша 4- сыныптар аралығында "Табиғатты қорғау-әр адамның міндетті" тақырыбында диктант алынды. Мақсаты: Оқушылардың қоршаған ортаға деген махаббат құндылықтары жайлы түсініктерін кеңейту; табиғатты қорғауға, жерін сүйуге, мейірімділікке, ізгілікке тәрбиелеу, Табиғат - Анаға сүйіспеншілікпен қарауға жетелеу; шығармашылық қабілеттерін, жақсылық жасай білу іскерліктерін, ойлау

қабілетін дамыту, өз ойын еркін жеткізе білуге дағдыландыру. Жауапты: "Экология және еңбек" фракциясының жетекшісі, 10 "А" сынып оқушысы Картай Н., Мектеп парламентінің жетекшісі: Жәкен Н.

[https://www.instagram.com/p/CoEdAtusuVw/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA](https://www.instagram.com/p/CoEdAtusuVw/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA)==



Мектеп парламентінің ұйымдастыруымен 7 - сыныптар арасында "Мамандық таңдауды қазірден баста!" тақырыбында тренинг өткізілді. Мақсаты: мамандық таңдауда жауапкершілікті қалыптастыру, оқушыларға мамандықтың түрлері, олардың адам өміріндегі маңызы туралы түсінік бере отырып, өз бейіміне сәйкес мамандық таңдай білуіне ықпал жасау, кәсіби бағдар беру, мамандық әлемінен ақпараттар алу, қазіргі заманның тапшы мамандықтарын көрсетіп, сол бағытқа қарай бағыттау, өз пікірін

еркін айтып, өзгенің пікірін сыйлай білуге, жүйелі ойлауға баулу, оқушыларды терең білім алу жолында үздіксіз еңбектенуде еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Жауапты: Бақыт фракциясының (психология) жетекшісі 8"Б" сынып оқушысы Айтуған Балауса, Парламент жетекшісі Н.Жәкен.

[https://www.instagram.com/p/CoJhnL8t13Q/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA](https://www.instagram.com/p/CoJhnL8t13Q/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA)==

Алғыс айту күніне орай ұйымдастырылып отырған Республикалық "Алтын жүрек" челленджіне мектеп парламенті арнайы видеоролик ұсынады. Мақсаты: Оқушылардың бойына "сыйластық" құндылығын арттыру. Әдептілікке, кішіпейілділікке, ізеттілікке тәрбиелеу. Жақындарымызға жылы сөз айтып жүрейік.

[https://www.instagram.com/reel/CosKVE rsLT/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA](https://www.instagram.com/reel/CosKVE rsLT/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWFIZA)==





Мектеп парламентінің жұмыс жоспары бойынша оқушыларымызбен "Кітапханаға саяхат" тақырыбында экскурсия өткізілді. Мақсаты: кітапхана өмірімен таныстыру; Білімнің кітап арқылы берілетіндігін ұғындыру; Кітапқа деген қызығушылықтарын арттыру, оны күтіп ұстауға үйрету. Кітап оқуға баулу арқылы бойына адамгершілік қасиеттерді сіңіру. Жауапты: Мектеп президенті Мырзабаева С.

[https://www.instagram.com/p/Co32wjaNIIJ/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA](https://www.instagram.com/p/Co32wjaNIIJ/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA)

==



Мектеп парламентінің жұмыс жоспары бойынша "Табысты толағай" сайысы ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушыларды ойын кезінде өзін-өзі бақылау арқылы белсенділікке, сенімділікке, қайсарлыққа, батылдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Жауапты салауатты өмір салты фракциясының жетекшісі Зейнедилов Азат., Жәкен Н.

[https://www.instagram.com/p/Co67y0-MjIM/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link](https://www.instagram.com/p/Co67y0-MjIM/?utm_source=ig_web_copy_link)



Мектеп парламентінің жұмыс жоспары бойынша 7-сынып оқушылары арасында тұрмыстық қалдықтардан бұйым жасау байқауы ұйымдастырылды. Мақсаты: оқушыларға қоршаған ортаны таза ұстауды және тұрмыстық қалдықтарды іске асыруды үйрету. Байқау нәтижесі 7"Г", 7"Б" сыныптары - I орын; 7"А" сыныбы - II орын; 7"В" сыныбы - III орын. Жауапты: мектеп Президенті Мырзабаева С.

[https://www.instagram.com/p/Cq-](https://www.instagram.com/p/Cq-WtT_sDS9/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA)

[WtT\\_sDS9/?utm\\_source=ig\\_web\\_copy\\_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA](https://www.instagram.com/p/Cq-WtT_sDS9/?utm_source=ig_web_copy_link&igshid=MzRIODBiNWF1ZA) ==



Мектеп парламенті ХХ мектепшілік ғылыми – практикалық конференциясына байланысты мектеп фойесінде ғылым тақырыбында стенд жасады.

## SWOT талдау

<b>Мүмкіндіктер</b>	<b>Әлді жақтары</b>
<p>- мектепішілік іс - шараларда оқушылармен өзара әрекеттесудің оң тәжірибесін алудың бірегей мүмкіндіктерінің ұсынылуы;</p> <p>- әр оқушының жеке әлеуетін қалыптастыра отырып, адамгершілік пен адалдық тәрбиесін алға тарту мүмкіндігінің деңгейінің артуы.</p> <p>- Парламент мүшелері өз қызығушылығын арттыра отырып, іс-әрекетін, қабілетін көрсету арқылы өзге оқушыларға жақсы жағынан ықпал етіп, түрлі іс-шараларға жұмылдыра алуы</p>	<p>- Мектепішілік іс- шараларға , мектеп апталықтарына, арнайы жобаларға белсенді қатысты.</p> <p>- Басқарушылық қабілеттері мен мәдениеттерін қалыптастырып, мектепте ұйымдасырылған іс- шаралар жұмысын жандандырды.</p>
<b>Қауіптілігі</b>	<b>Әлсіз жақтары</b>
<p>- Мектеп праламентінің мақсат, міндеттерін жете түсінбегендіктен оқушылардың ұйым жұмысын белесене атқарудағы ынтасының төмендеуі;</p>	<p>- Орта буын мен төменгі буынға жоғары буынның ықпалы мен көмегі қажет болғандықтан, жоғары сынып оқушыларының өздеріне жүктелген іс-шараға деген жауапкершіліктерін әлі де болса арттыру қажеттілігі;</p> <p>- байқауларға қатысуды арттыру.</p>

### **Анықталған мәселелер:**

1. Орта буын мен төменгі буынға жоғары буынның ықпалы мен көмегі қажет болғандықтан, жоғары сынып оқушыларының өздеріне жүктелген іс-шараға деген жауапкершіліктерін әлі де болса арттыру қажеттілігі;
2. Парламент жұмысын жанандыруда байқаулардың аз өткізілуі;

### **Шешу жолдары:**

1. Гаджетке тәуелді болуын, басқа да факторлардың әсерінен қызығушылықтарының төмендеуіне байланысты жоғары сынып оқушыларын әр бағыттағы іс-шараларға тарту біршама қиын болды. Келесі оқу жылында жауапкершіліктерін арттыру үшін:
  - оларға ынталандыру мақсатында жастар қызығатындай түрлі танымал жас тұлғалармен кездесулер өткізу;
  - өзің жауапты тұлға ретінде сезіндіру мақсатында іс-шаралар жоспарын құруды, орындауды жоғары сынып оқушыларының өздеріне сеніп тапсыра оытырып мотивацияларын арттыруды жоспарлау керек.Өткізуге қиындық туғызған, оқушының қызығушылығына арттыруға ықпал етпейтін іс-шараларды қайта қарап, келесі 2023-2024 оқу жылының іс-шаралар жоспарына өзгеріс енгізіп, қайта жоспарлау керек.

**Мектеп парламентінің жетекшісі**

**Жәкен Н.**



